

Айтбайдың жаңа орнына

Сәлем Айтбай батырым,
Аман ба балаң, қатының,
Сақаттық болсын мал-жанға,
Биік пе шаңырақ, шатырың?

Құтты болсын орының,
Байлыққа толсын қоржының,
Өркендеген Айтбайға
Қызықсын казак, орысың

Шыға бер осылай өріне
Жамбыл ауданы төріне!
Тәртіп бұзбай жұмыс ет
Қызықпа бастық мөріне.

Биікке тарт бауырым,
Самғайтын келді дәуірің,
Жігітке жүк бәрібір,
Көтерер жеңіл, ауырын

Өсе бер осылай Айтбайым,
Бағдардан осы қайтпағын,
Тілеуіңді тілеп нағашың,
Іштарлық сөз айтпаймын.

**Алғатбек Балғабекұлы Қыдырбек-ұлы
2011**